1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Астана қаласы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Департамент) облыс аумағында тұтынушылардың құқықтарын қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, тұтынушыларға өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттермен және нормативтік құжаттармен белгіленген талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау саласындағы, сондай-ақ тамақ өнімдерін өткізу сатысындағы олардың қауіпсіздігі саласындағы (бұдан әрі – реттелетін сала) салааралық үйлестіруді, бақылау-қадағалау, іске асыру функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

Департаменттің аумақтық бөлімшелері - тиісті ауданның, қаланың (қала ауданының) тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармалары бар.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

4. Егер Департаментке уәкілеттік берілсе, азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан және Комитет атынан түседі.

5. Егер Департаментке заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілсе, ол мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарапы ретінде шығуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, "Сарыарқа" ауданы, Желтоқсан көшесі, 46.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Астана қаласы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департамент қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Департаментке мемлекеттік органның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге жол берілмейді.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен табыс әкелетін қызметті іске асыру құқығы берілген болса, онда мұндай қызметтен түскен табыс мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Департаменттің міндеттері:

1) Астана қаласының аумағында тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік органдардың тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруын қамтамасыз ету бойынша қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

3) өз құзыретінің шегінде Департаментке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Департаменттің функциялары:

1) мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен, үкіметтік емес ұйымдармен реттелетін саладағы мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау;

2) тексерулердің, бақылаудың өзге нысандарының және санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелерінің негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды беру;

3) халықтың кәсіпкерлік және (немесе) өзге де қызметте пайдалануы мен қолдануына арналған өнімді әкелуге, өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салу;

4) адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпті деп танылған жағдайда шикізаттың, өнімнің, химиялық заттардың, технологиялық жабдықтардың, тетіктердің, процестердің, құрал-саймандардың жаңа түрлерін өндіруге, қолдануға және өткізуге тыйым салу;

5) йодталмаған тұзды өткізуге тыйым салу;

6) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру;

7) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

8) реттелетін саладағы мемлекеттік және өзге де бағдарламалардың, жобалардың, стратегиялық жоспарлардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

9) тамақ өнімдерін өткізу сатысында олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

10) өз құзыретінің шегінде тағамнан уланулар, инфекциялық, паразиттік және басқа да аурулар кезінде санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

11) тиісті аумақты инфекциялық, паразиттік аурулардың әкелінуі мен таралуынан санитариялық қорғау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

12) өз құзыретінің шегінде жобаларға санитариялық-эпидемиологиялық сараптау жүргізу;

13) жолаушыларды, тамақ өнімдерін, азық-түлік шикізатын, шаруашылық-ауыз суды, радиоактивті, қауіпті, химиялық және уытты заттарды тасымалдау үшін қолданылатын көлік құралдарына, жолаушылар мен жүктерді тасымалдау шарттарына тексеру жүргізу;

14) тиісті аумақта өз құзыретінің шегінде мемлекеттік қадағалауды және бақылауды жүзеге асыру;

15) тұрғындарға профилактикалық егулердің жүргізілуін бақылауды жүзеге асыру;

16) дезинфекция, дезинсекция, дератизация құралдарының және тағамға биологиялық белсенді қоспалардың практикаға енгізілуін және олардың қолданылуын бақылауды жүзеге асыру;

17) йод тапшылығы ауруларының профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарының орындалуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

18) тиісті деректер банкі қалыптастыра отырып, тұрғындардың денсаулығы мен қоршаған ортаға санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг, есепке алу және статистика жүргізу;

19) инфекциялық ауруларды эпидемиологиялық бақылауды жүргізу;

20) тұтынушыларға өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттермен және нормативтік құжаттармен белгіленген, сондай-ақ тамақ өнімдерін өткізу сатысында олардың қауіпсіздігі саласындағы талаптардың сақталуын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

21) тағамға биологиялық белсенді қоспалардың жарнамасын бақылауды жүзеге асыру;

22) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау, қарау және әкімшілік жаза қолдану;

23) тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

24) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу үшін сараптама объектісінің қоршаған ортаға және тұрғындардың денсаулығына әсерін бағалауды зерделеу үшін қажетті материалдарды сұрату, сондай-ақ осы өнімнің құнына өтемақы төлемей, оны жүргізу үшін қажетті көлемнен аспайтын және жеткілікті көлемдерде өнімдердің сынамаларын алу және үлгілерін іріктеу;

25) мемлекеттік органдар қабылдаған реттелетін саладағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын актілердің күшін жою, өзгерту, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізу;

26) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзушылықты жою туралы ұйғарымдарды беру;

27) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілерін қарау үшін жеке, лауазымды, заңды тұлғаларды тұтынушылардың құқықтарын қорғау органдарына шақыру;

28) балалар тамағы өнімдерін, тағамға тағамдық және биологиялық белсенді қоспаларды, генетикалық түрлендірілген объектілерді, сумен және тамақ өнімдерімен жанасатын материалдар мен бұйымдарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін химиялық заттарды, өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін қолдануды тоқтата тұру немесе қолдануға тыйым салу;

29) инфекциялық және паразиттік аурулардың таралуының әлеуетті көздері болып табылатын, сондай-ақ инфекциялық аурумен ауыратын науқастармен қарым-қатынаста болған адамдарды жұмыстан шеттете отырып, зертханалық тексеру нәтижелерін алғанға дейін медициналық тексеруге жіберу;

30) инфекциялық және паразиттік аурулардың көздері болып табылатын адамдарды көрсетімдері бойынша емдеуге жатқызуға жіберу;

31) өз құзыретінің шегінде реттелетін салада мемлекеттік қызметтер көрсету;

32) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттелетін салада тексеру нысанында және бақылаудың өзге де нысандарында бақылауды жүзеге асыру;

33) тиісті аумақта халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында радиациялық бақылауды жүзеге асыру;

34) инфекциялық және паразиттік аурулардың көздері болып табылатын, халықтың декреттелген топтарына жататын, сондай-ақ міндетті медициналық тексеруден уақтылы өтпеген адамдарды жұмыстан уақытша шеттетуге туралы қаулы қабылдау;

35) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді және гигиеналық нормативтерді бұзушылықтар жойылғанға дейін Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес жекелеген жұмыс түрлерін, жұмыс істеп тұрған, салынып жатқан немесе қайта жаңартылып жатқан объектілерді пайдалануды тоқтата тұру;

36) өз құзыретінің шегінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнаманың бұзылуына тексеру жүргізу;

37) үй-жайларда және көлік құралдарында, аумақтарда, инфекциялық және паразиттік аурулар ошақтарында профилактикалық және ошақтық дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізуді талап ету;

38) шектеу іс-шараларын, оның ішінде жекелеген объектілерде карантин белгілеу;

39) Қазақстан Республикасының реттелетін саладағы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

40) инфекциялық аурудан еркін немесе инфекциялық аурудың таралу деңгейі төмен аумақты немесе оның бөлігін айқындау бойынша ұсыныстар беру;

41) реттелетін саладағы, бюджетті жоспарлау және орындау, бухгалтерлік есеп және мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша республикалық және өңірлік семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

42) құзыретіне сәйкес біліктілік санаттарын бере отырып, санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі мамандар үшін біліктілік емтихандарын өткізу;

43) құзыретінің шегінде санитариялық-қорғаныш аймақтарының көлемін анықтау және өзгерту;

44) ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындардың бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындау;

45) Қазақстан Республикасының заңнамасымен ведомствоға жүктелген өзге де функциялар мен бағыттарды жүзеге асыру.

15. Құқықтары мен міндеттері:

1) тиісті аумақта мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарынан, обаға қарсы күрес және дезинфекция станцияларынан реттелетін саладағы мәселелер бойынша ақпаратты сұрату және алу ;

2) реттелетін саладағы жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру ;

3) жеке және заңды тұлғалар тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы органдардың лауазымды адамдары берген заңды талаптарды немесе ұйғарымдарды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгіну;

4) реттелетін саладағы заңды және жеке тұлғаларға құзыретіне кіретін мәселелер бойынша консультациялық көмек көрсетуді ұйымдастыру;

5) реттелетін саладағы мәселелер бойынша білімді насихаттау;

6) өз құзыретінің шегінде консультативтік-кеңесші және сараптау комиссияларын құру;

7) қаржылық есептілікті құрастыру және бухгалтерлік есепті жүргізу;

8) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, өзінің өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

9) реттелетін саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

10) заңнамада белгіленген тәртіппен басқа ұйымдардан мамандарды тексеру және сараптама жүргізуге тарту;

11) электрондық ақпараттық ресурстарды және ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасына сәйкес оларға жеке және заңды тұлғалардың қолжетімділігін ұйымдастыру;

12) жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен реттелетін саладағы қызметтің түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған меморандумдар (келісімдер) жасасу;

13) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

3. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

16. Департаментті басқаруды Департаменке жүктелген міндеттерді орындауға және өзінің функцияларын жүзеге асыруға жеке жауапты болатын Департаменттің Басшысы жүзеге асырады.

17. Департаменттің Басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен лауазымына тағайындалады және лауазымынан босатылады.

18. Департамент Басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен лауазымына тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департамент Басшысының өкілеттіктері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

Департаменттің қызметкерлерін;

Комитет төрағасының келісімі бойынша Департаменттің аудандық (қалалық) басқармаларының басшыларын және басшыларының орынбасарларын;

Департаменттің аудандық (қалалық) басқармалары басшыларының ұсынысы бойынша Департаменттің аудандық (қалалық) басқармаларының қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Департамент қызметкерлерін көтермелеу, іссапарға жіберу, еңбек демалыстарын беру, материалдық көмек көрсету, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзі тағайындайтын Департаменттің қызметкерлеріне, сондай-ақ Департаменттің аудандық (қалалық) басқармаларының басшыларына, басшыларының орынбасарларына және қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) Департамент қызметкерлерінің, Департаменттің аудандық (қалалық) басқармалары басшыларының, басшылары орынбасарларының және қызметкерлерінің міндеттерін, өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін айқындайды, сондай-ақ олардың лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

5) өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бұйрықтарға қол қояды;

6) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаменттің мүддесін білдіреді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің Басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономикалық министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының

02.03.2015 № 51 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
) бұйрығымен.

4. Департаменттің мүлкі

20. Департаменттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

21. Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінен, сондай-ақ өз қызметінің нәтижесінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден сатып алынған мүлік (ақшалай табысты қоса алғанда) есебінен қалыптасады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Департаментке өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен алынған мүлікті, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, өз бетінше иеліктен айыруына немесе өзге тәсілмен билік жүргізуіне жол берілмейді.

5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Тұтынушылардың құқықтарын қорғау
комитеті төрағасының
2014 жылғы 24 қазандағы
№ 7 бұйрығына 16-қосымша

"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Алматы қаласы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Алматы қаласы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Департамент) облыс аумағында тұтынушылардың құқықтарын қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, тұтынушыларға өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттермен және нормативтік құжаттармен белгіленген талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау саласындағы, сондай-ақ тамақ өнімдерін өткізу сатысындағы олардың қауіпсіздігі саласындағы (бұдан әрі – реттелетін сала) салааралық үйлестіруді, бақылау-қадағалау, іске асыру

функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

Департаменттің аумақтық бөлімшелері - тиісті ауданның, қаланың (қала ауданының) тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармалары бар.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Егер Департаментке уәкілеттік берілсе, азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан және Комитет атынан түседі.

5. Егер Департаментке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілсе, ол мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарапы ретінде шығуға құқылы.

6. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: 050002, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Жібек жолы көшесі, 5.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Алматы қаласы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департамент қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Департаментке мемлекеттік органның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге жол берілмейді.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен табыс әкелетін қызметті іске асыру құқығы берілген болса, онда мұндай қызметтен түскен табыс мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Департаменттің міндеттері:

1) Алматы қаласының аумағында тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік органдардың тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету бойынша қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

3) өз құзыретінің шегінде Департаментке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Департаменттің функциялары:

1) мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен, үкіметтік емес ұйымдармен, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерімен реттелетін саладағы мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау;

2) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

3) реттелетін саладағы мемлекеттік және өзге де бағдарламалардың, жобалардың, стратегиялық жоспарлардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

4) Қазақстан Республикасының реттелетін саладағы заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

5) тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

6) мемлекеттік органдар қабылдаған реттелетін саладағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын актілердің күшін жою, өзгерту, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізу;

7) инфекциялық аурудан еркін немесе инфекциялық аурудың таралу деңгейі төмен аумақты немесе оның бөлігін айқындау бойынша ұсыныстар беру;

8) құзыретіне сәйкес біліктілік санаттарын бере отырып, санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі мамандар үшін біліктілік емтихандарын өткізу;

9) үй-жайларда және көлік құралдарында, аумақтарда, инфекциялық және паразиттік аурулар ошақтарында профилактикалық және ошақтық дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізуді талап ету;

10) реттелетін саладағы, бюджетті жоспарлау және орындау, бухгалтерлік есеп және мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша республикалық және

өңірлік семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

11) ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындардың бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындау;

12) инфекциялық және паразиттік ауруларды эпидемиологиялық бақылауды жүргізу;

13) шектеу іс-шараларын, оның ішінде жекелеген объектілерде карантин белгілеу;

14) тексерулердің, бақылаудың өзге нысандарының және санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелерінің негізінде санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды беру;

15) құзыретінің шегінде Комитет Департаментінің аумақтық басқармаларының қызметін жалпы ұйымдастыру, үйлестіру және бақылау;

16) өз құзыретінің шегінде тиісті аумақта бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

17) тиісті деректер банкін қалыптастыра отырып, тұрғындардың денсаулығы мен қоршаған ортаға санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг, есепке алу және статистика жүргізу;

18) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу үшін сараптама объектісінің қоршаған ортаға және тұрғындардың денсаулығына әсерін бағалауды зерделеу үшін қажетті материалдарды сұрату, сондай-ақ осы өнімнің құнына өтемақы төлемей, оны жүргізу үшін қажетті көлемнен аспайтын және жеткілікті көлемдерде өнімдердің сынамаларын алу және үлгілерін іріктеу;

19) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілерін қарау үшін жеке, лауазымды, заңды тұлғаларды тұтынушылардың құқықтарын қорғау органдарына шақыру;

20) балалар тамағы өнімдерін, тағамға тағамдық және биологиялық белсенді қоспаларды, генетикалық түрлендірілген объектілерді, сумен және тамақ өнімдерімен жанасатын материалдар мен бұйымдарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін химиялық заттарды, өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін қолдануды тоқтата тұру немесе қолдануға тыйым салу;

21) өз құзыретінің шегінде реттелетін салада мемлекеттік қызметтер көрсету;

22) өз құзыретінің шегінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнаманың бұзылуына тексеру жүргізу;

23) Қазақстан Республикасының заңнамасымен ведомствоға жүктелген өзге де функциялар мен бағыттарды жүзеге асыру.

15. Департаменттің құқықтары мен міндеттері:

1) тиісті аумақтағы мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарынан, обаға қарсы күрес және дезинфекция станцияларынан реттелетін саладағы мәселелер бойынша ақпаратты сұрату және алу;

2) реттелетін саладағы жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру ;

3) жеке және заңды тұлғалар тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы органдардың лауазымды адамдары берген заңды талаптарды немесе ұйғарымдарды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгіну;

4) реттелетін саладағы аумақтық бөлімшелер мен ұйымдарға, жеке және заңды тұлғаларға өз құзыретінің шегінде консультациялық көмек көрсетуді ұйымдастыру;

5) реттелетін саладағы мәселелер бойынша білімді насихаттау;

6) өз құзыретінің шегінде консультативтік-кеңесші және сараптау комиссияларын құру;

7) қаржылық есептілікті құрастыру және бухгалтерлік есепті жүргізу;

8) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, өзінің өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

9) реттелетін саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

10) заңнамада белгіленген тәртіппен басқа ұйымдардан мамандарды тексеру және сараптама жүргізуге тарту;

11) электрондық ақпараттық ресурстарды және ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасына сәйкес оларға жеке және заңды тұлғалардың қолжетімділігін ұйымдастыру;

12) жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен реттелетін саладағы қызметтің түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған меморандумдар (келісімдер) жасасу;

13) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

3. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

16. Департаментті басқаруды Департаменке жүктелген міндеттерді орындауға және өзінің функцияларын жүзеге асыруға жеке жауапты болатын Департаменттің Басшысы жүзеге асырады.

17. Департаменттің Басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен лауазымына тағайындалады және лауазымынан босатылады.

18. Департамент Басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен лауазымына тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Департамент Басшысының өкілеттіктері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

Департаменттің қызметкерлерін;

Комитет төрағасының келісімі бойынша Департаменттің аудандық (қалалық) басқармаларының басшыларын және басшыларының орынбасарларын;

Департаменттің аудандық (қалалық) басқармалары басшыларының ұсынысы бойынша Департаменттің аудандық (қалалық) басқармаларының қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Департамент қызметкерлерін, сондай-ақ Департаменттің аудандық (қалалық) басқармаларының басшыларын, басшыларын орынбасарларын және қызметкерлерін көтермелеу, іссапарға жіберу, еңбек демалыстарын беру, материалдық көмек көрсету, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзі тағайындайтын Департаменттің қызметкерлеріне, сондай-ақ Департаменттің аудандық (қалалық) басқармаларының басшыларына, басшыларының орынбасарларына және қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) Департамент қызметкерлерінің, Департаменттің аудандық (қалалық) басқармалары басшыларының, басшылары орынбасарларының және қызметкерлерінің міндеттерін, өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін айқындайды, сондай-ақ олардың лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

5) өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бұйрықтарға қол қояды;

6) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаменттің мүддесін білдіреді;

7) Департаменттің аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекітеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің Басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономикалық министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының

02.03.2015 № 51 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)
) бұйрығымен.

4. Департаменттің мүлкі

20. Департаменттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

21. Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінен, сондай-ақ өз қызметінің нәтижесінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден сатып алынған мүлік (ақшалай табысты қосқанда) есебінен қалыптасады.

22. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Департаментке өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен алынған мүлікті, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, өз бетінше иеліктен айыруына немесе өзге тәсілмен билік жүргізуіне жол берілмейді.

5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Тұтынушылардың құқықтарын қорғау
комитеті төрағасының
2014 жылғы 24 қазандағы
№ 7 бұйрығына 17-қосымша

"Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Көліктегі тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Көліктегі тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Көліктегі департамент) тұтынушылардың құқықтарын қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы, тұтынушыларға өткізілетін өнімдер мен көрсетілетін қызметтер бойынша техникалық регламенттермен және нормативтік құжаттармен белгіленген талаптардың сақталуын бақылау және қадағалау саласындағы, сондай-ақ тамақ өнімдерін өткізу сатысындағы олардың қауіпсіздігі саласындағы (бұдан әрі – реттелетін сала) салааралық үйлестіруді, бақылау-қадағалау, іске асыру функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан

Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

Көліктегі департаменттің аумақтық бөлімшелері - бөлімшелік көліктегі тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармалары бар.

2. Көліктегі департамент Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес өз қызметін жүзеге асырады.

3. Көліктегі департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Егер Көліктегі департаментке уәкілеттік берілсе, азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан және Комитет атынан түседі.

5. Егер Көліктегі департаментке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілсе, ол мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарапы ретінде шығуға құқылы.

6. Көліктегі департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Көліктегі департамент басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы және штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы - 010000, Астана қаласы, Қарасай батыр көшесі, 2а.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Көліктегі тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Көліктегі департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Көліктегі департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

12. Көліктегі Департаментке мемлекеттік органның функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге жол берілмейді.

Егер Көліктегі департаментке заңнамалық актілермен табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген болса, онда мұндай қызметтен түскен табыс мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Көліктегі департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

13. Көліктегі департаменттің міндеттері:

1) тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету;

2) тұтынушылардың құқықтарын қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдардың қызметін салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

3) өз құзыретінің шегінде Көліктегі департаментке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Көліктегі департаменттің функциялары:

1) мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен, үкіметтік емес ұйымдармен, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктерімен реттелетін саладағы мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау;

2) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасы заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз ету;

3) реттелетін саладағы мемлекеттік және өзге де бағдарламалардың, жобалардың, стратегиялық жоспарлардың іске асырылуын қамтамасыз ету;

4) реттелетін саладағы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

5) тұтынушылардың құқықтарын қорғау және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

6) мемлекеттік органдар қабылдаған реттелетін саладағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын актілердің күшін жою, өзгерту, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізу;

7) аумақты немесе оның бөлігін аурудан еркін немесе аурудың таралу деңгейі төмен деп айқындау бойынша ұсыныстар беру;

8) құзыретіне сәйкес біліктілік санаттарын бере отырып, санитариялық-эпидемиологиялық бейіндегі мамандар үшін біліктілік емтихандарын өткізу;

9) үй-жайларда және көлік құралдарында, аумақтарда, инфекциялық және паразиттік аурулар ошақтарында профилактикалық және ошақтық дезинфекция, дезинсекция және дератизация жүргізуді талап ету;

10) реттелетін саладағы, бюджетті жоспарлау және орындау, бухгалтерлік есеп және мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша республикалық және өңірлік семинарларды, ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

11) ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындардың бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсетілетін қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындау;

12) инфекциялық және паразиттік ауруларды эпидемиологиялық бақылауды жүргізу;

13) шектеу іс-шараларын, оның ішінде жекелеген объектілерде карантин белгілеу;

14) тексерулердің, бақылаудың өзге нысандарының және санитариялық-эпидемиологиялық сараптама нәтижелерінің негізінде санитариялық-эпидемиологиялық қорытындыларды беру;

15) құзыретінің шегінде Көліктегі департаменттің бөлімшелік тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармаларының және санитариялық-карантиндік пункттердің қызметін жалпы ұйымдастыру, үйлестіру және бақылау;

16) өз құзыретінің шегінде бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

17) тиісті деректер банкін қалыптастыра отырып, тұрғындардың денсаулығы мен қоршаған ортаға санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг, есепке алу және статистика жүргізу;

18) санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу үшін сараптама объектісінің қоршаған ортаға және тұрғындардың денсаулығына әсерін бағалауды зерделеу үшін қажетті материалдарды сұрату, сондай-ақ осы өнімнің құнына өтемақы төлемей, оны жүргізу үшін қажетті көлемнен аспайтын және жеткілікті көлемдерде өнімдердің сынамаларын алу және үлгілерін іріктеу;

19) өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілерін қарау үшін жеке, лауазымды, заңды тұлғаларды тұтынушылардың құқықтарын қорғау органдарына шақыру;

20) балалар тамағы өнімдерін, тағамға тағамдық және биологиялық белсенді қоспаларды, генетикалық түрлендірілген объектілерді, сумен және тамақ өнімдерімен жанасатын материалдар мен бұйымдарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін химиялық заттарды, өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін қолдануды тоқтата тұру немесе қолдануға тыйым салу;

21) өз құзыретінің шегінде реттелетін салада мемлекеттік қызметтер көрсету;

22) өз құзыретінің шегінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнаманың бұзылуына тексеру жүргізу

23) Қазақстан Республикасының заңнамасымен ведомствоға жүктелген өзге де функциялар мен бағыттарды жүзеге асыру.

15. Көліктегі департаменттің құқықтары мен міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде санитариялық-эпидемиологиялық сараптама орталықтарынан, обаға қарсы күрес және дезинфекция станцияларынан, санитариялық-карантиндік пункттерден өз құзыретінің шегінде ақпаратты сұрату және алу;

2) реттелетін саладағы жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру ;

3) негізгі қызмет, республикалық бюджетті жоспарлау және орындау мәселелері бойынша аумақтық органдар мен ұйымдардың жұмысын үйлестіру;

4) жеке және заңды тұлғалар тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласындағы органдардың лауазымды адамдары берген заңды талаптарды немесе ұйғарымдарды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгіну;

4) реттелетін саладағы аумақтық органдар мен ұйымдарға, заңды және жеке тұлғаларға өз құзыретінің шегінде консультациялық көмек көрсетуді ұйымдастыру;

5) реттелетін саладағы мәселелер бойынша білімді насихаттау;

6) өз құзыретінің шегінде консультативтік-кеңесші және сараптау комиссияларын құру;

7) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті құрастыру;

8) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жағдайларды қоспағанда, өзінің өкілеттігін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

9) реттелетін саладағы Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

10) заңнамада белгіленген тәртіппен басқа ұйымдардан мамандарды тексеру және сараптама жүргізуге тарту;

11) электрондық ақпараттық ресурстарды және ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының ақпараттандыру саласындағы заңнамасына сәйкес оларға жеке және заңды тұлғалардың қолжетімділігін ұйымдастыру;

12) көліктегі органдардың басшыларымен реттелетін саладағы қызметтің түпкілікті нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған меморандумдар (келісімдер) жасасу;

13) қолданыстағы заңнамалық актілермен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

3. Көліктегі департаменттің қызметін ұйымдастыру

16. Көліктегі департаментті басқаруды Көліктегі департаментке жүктелген міндеттерді орындауға және өзінің функцияларын жүзеге асыруға жеке жауапты болатын Департаменттің Басшысы жүзеге асырады.

17. Департаменттің Басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен лауазымына тағайындалады және лауазымынан босатылады.

18. Департамент Басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен лауазымына тағайындалатын және лауазымынан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Көліктегі департамент Басшысының өкілеттіктері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

Көліктегі департаменттің қызметкерлерін;

Комитет төрағасының келісімі бойынша Көліктегі департаменттің бөлімшелік көліктегі тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармаларының басшыларын және басшыларының орынбасарларын;

Көліктегі департаменттің бөлімшелік көліктегі тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармалары басшыларының ұсынысы бойынша Көліктегі департаменттің бөлімшелік көліктегі тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармаларының қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;

2) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес Көліктегі департаменттің қызметкерлерін, сондай-ақ Көліктегі департаменттің бөлімшелік көліктегі тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармаларының басшыларын және олардың орынбасарларын және қызметкерлерін көтермелеу, іссапарға жіберу, еңбек демалыстарын беру, материалдық көмек көрсету, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзі тағайындайтын Көліктегі департаменттің қызметкерлеріне, сондай-ақ Көліктегі департаменттің бөлімшелік көліктегі тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармаларының басшыларына, басшыларының орынбасарларына және қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;

4) Көліктегі департамент қызметкерлерінің, Көліктегі департаменттің бөлімшелік көліктегі тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармалары басшыларының, басшылары орынбасарларының және қызметкерлерінің міндеттерін, өкілеттіктері мен жауапкершіліктерін айқындайды, сондай-ақ олардың лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді;

5) өзінің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бұйрықтарға қол қояды;

6) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Көліктегі департаменттің мүддесін білдіреді;

7) Көліктегі департаменттің аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекітеді;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің Басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық экономикалық министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының 02.03.2015 № 51 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Көліктегі департаменттің мүлкі

20. Көліктегі департаменттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

21. Көліктегі департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінен, сондай-ақ өз қызметінің нәтижесінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден сатып алынған мүлік (ақшалай табысты қоса алғанда) есебінен қалыптасады.

22. Көліктегі департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Көліктегі департаментке өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша берілген қаражат есебінен алынған мүлікті, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, өз бетінше иеліктен айыруына немесе өзге тәсілмен билік жүргізуіне жол берілмейді.

5. Көліктегі департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Көліктегі департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.